



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Литература:

1. "Конституция Российской Федерации" (принята всенародным голосованием 12.12.1993).
2. Федеральный закон от 06.03.2006 N 35-ФЗ (ред. от 06.07.2016) "О противодействии терроризму".
3. Федеральный закон от 28.12.2010 N 390-ФЗ (ред. от 05.10.2015) "О безопасности".
4. Указ Президента РФ от 06.05.2011 N 590 (ред. от 25.07.2014) "Вопросы Совета Безопасности Российской Федерации" (вместе с "Положением о Совете Безопасности Российской Федерации".
5. Указ Президента РФ от 31.12.2015 N 683 "О Стратегии национальной безопасности Российской Федерации.
6. «Краткая характеристика состояния преступности в РФ за январь – март 2016 года» // <https://мвд.рф>
7. Гунич С.В. Конституционно-правовые аспекты определения сил обеспечения национальной безопасности Российской Федерации // Конституционное и муниципальное право. 2013. №6 С.15-17.
8. Морозов В.М. Национальная безопасность Российской Федерации: проблемы нормативно-правового обеспечения и поиск путей устранения угроз // Вестник Владимирского Юридического Института. 2008. №3. С. 11-14.

УДК 340.115.7

ҚАЗАҚСТАН МЕН АНГЛИЯНЫҢ НОРМАТИВТІК АКТІГЕ ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН САЛЫСТЫРУ


Махмуд Марьям

Makhmudova.kz28@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2-курс студенті
Ғылыми жетекші – Ж. Альмухамбетов


Салыстырмалы құқықтанудың рөлі тек белгілі бір ұлттық құқықпен танысумен шектелмейді, салыстырмалы құқық аталған ұлттық құқықты өзге елдің құқығымен салыстыра отырып, оны одан әрі жетілдіруді мақсат етеді. Салыстырмалы құқықтану жеке ғылым саласы ретінде толық қалыптасуы үшін, заңгерлердің тек өздерінің ұлттық құқықтық жүйесін игеруі жеткіліксіз, мүмкіндігінше салыстырмалы әдіске жүгінгені жөн. Қазіргі таңда салыстырмалы әдісті қолдану үшін барынша жағдайлар жасалған. Салыстырмалы құқықтанудың маңыздылығын түсінетін қазіргі жас заңгерлер «құқықтану» ғылымының, белгілі құқықтанушы Иеринг айтқандай, «жергілікті сот тәжірибесі» деңгейінде қалып қоюымен түбегейлі келіспейді. Құқықтану – әмбебап ғылым саласы. Ал салыстырмалы құқықтану – құқықты жетік меңгеріп, оны дамыту үшін маңызды орынды иеленетін, аталған әмбебаптықтың бір бөлшегі [1, 18 б.]. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – жоғарыда айтылғандай, еліміздің ұлттық құқықтық жүйесіндегі нормативтік актінің рөлін тереңірек зерттеп, салыстырмалы әдісті қолдану арқылы оның қолданыстағы кемшіліктерін анықтау, оны одан әрі жетілдіру. «Астана» Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) құрылуымен және осы ұйымның ұсынысымен, халықаралық арбитраждық соттың жоспарлануымен байланысты АХҚО-ның арбитраждық сотында қолданылуы мүмкін ағылшын құқығына деген қызығушылық күн санап өсіп келеді. Жоспарда бар арбитраждық соты үшін Лондон халықаралық арбитражының тәжірибесінің маңызы ерекше. Сондай-ақ, Қазақстанның Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жоспарын жүзеге асыру жолындағы мәселелерін шешу мақсатында, еліміздің қай саласында және қай құқықтық институттарында ағылшын құқығының қандай оңтайлы тәжірибесін және оны қандай мөлшерде қолдану қажеттігін анықтау үшін, сондай-ақ, шет елдік инвесторларға құқықтық тұрғыда

барынша жағдай жасау үшін соттар тәуелсіздігі мен соттарға деген сенімді арттыру жолында ағылшын құқығының тәжірибесі аса маңызды болып саналады [2]. Роман-германдық құқықтық жанұяға Рим құқығы, канондық құқық және жергілікті құқықтық әдет-ғұрыпқа негізделген құрлықтық Еуропада пайда болған ұлттық жүйелер жатады. Кейіннен бұл құқықтық жүйені тиімді деп тауып, өзінің ұлттық жүйесіне айналдырған мемлекеттер тек Еуропада ғана емес, өзге құрлықтарда да пайда болды. Аталған жүйеге жататын елдер құқығының негізгі қайнар көзі көне Рим құқығының негізгі қағидалары болып саналады. Роман-германдық құқықтық жанұяға жататын елдер құқығының қысқаша формасы төменде 1.1-диаграммада көрсетілген [3].



1.1-диаграмма. Роман-германдық құқықтық жанұяға тиісті құқықтың қайнар көздері.

Қазақстан Республикасының құқығы роман-германдық құқықтық жүйеге жатады. Заң шығарушы өзі қабылдайтын нормативтік актінің қандай құқықтық қатынастарды реттейтінін анықтап, оған қатысты саясатты қолдана отырып, нормаларды айқындайды. Нормативтік актілер қабылдануы барысында заңдық күші бойынша қалыптасқан иерархияны қатаң сақтауы қажет. Яғни, нормативтік акт мазмұны жағынан өзінен жоғары тұрған нормативтік актіге қайшы келмеуі тиіс. Республикада барлық өзге заңдарға қатысты жоғары заңдық күшке ие нормативтік акт – ҚР Конституциясы.



1.2-диаграмма. Англосаксондық құқықтық жүйеге тән құқықтың қайнар көздері.

Роман-германдық құқықтық жанұяға қарағанда, англосаксондық жүйеде құқықтың қайнар көзі ретінде, бірінші кезекте, соттармен тұжырымдалған және сот прецеденттерінде көрініс тапқан нормалар танылады. Англосаксондық құқықтық жүйе «ibi jus ibi remedium» (қорғаныс бар жерде заң бар) қағидасымен дамыды. Ағылшын құқығы 3 түрлі құрылымнан тұрады: жалпы құқық (Common Law) – құқықтың негізгі қайнар көзі, әділет құқығы (Equity Law) – негізгі қайнар көзін толықтыратын, өзгертетін, шыңдайтын құқық, үшіншісі: жарғылық құқық – Парламент бекіткен нормалар. Әрине бұл аталған құрылым сан жылдар бойы қалыптасқан күрделі құқықтық институттың тек қарапайым бір ғана көрінісі. (1.2 –диаграмма) [4, 287 б.].

Қазіргі замандағы ағылшын құқығын екі үлкен топқа жіктеуге болады: жалпы (прецеденттік) құқық және жарғылық құқық – Парламент актілері. Ағылшын құқығының негізгі ерекшелігі – құқықтың соттармен құрылуында. Соттар жоғары конституциялық өкілеттіктерге ие. Соттар сот процесінде “Stare decisis” (қолданыста болған шешімдерді қолдану) қағидасы негізінде, ұқсас сот талқылауына сілтеме жасай отырып, шешім шығарады. Сот шешімдерінің заңды күші шешім шығарған соттың сот жүйесі иерархиясында алатын орнына байланысты

анықталады. Мысалы, Біріккен Корольдік Жоғары Сотының, Англия апелляциялық Сотының прецеденттері төменгі инстанциядағы Соттарға міндетті болып табылады.

Жарғылар өз кезегінде прецеденттік құқықтың кодификациялық көрінісі болып саналады, себебі іс жүзінде олар сот прецеденттерінің жинағы ретінде танылады. Нәтижесінде шыңдалған, толықтырылған өзіндік бір құқықтық нормалардың айналымы қалыптасады.

Ағылшын құқығы сот тәжірибесі негізінде өздігінен эволюциялық жолмен дамып қалыптасты деуге де болады. Ал ағылшын Парламенті сот прецеденттеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізе отырып, құқық жүйесін тәртіпке келтіреді. Алайда бүгінде қайнар көзі тек прецеденттен тұратын нормалар да жеткілікті. Мысалы, бүгінде ағылшын құқығында адам өлтіруді нақты қылмыс деп санайтын диспозиция және ол үшін нақты санкция көзделген норма жоқ, дәл осы секілді қылмыстар прецеденттік нормалармен шешімін табады [5].

Ағылшын құқығында қолданыстағы тұрақты, қабылданған сәтінен бастап мүлдем өзгеріске ұшырамаған нормативтік актілерді кездестіруге болады. Мысалы, 1362 жылы қабылданған «Сот талқылауындағы ағылшын тілінің мәртебесі» (“Pleading in English Act 1362”) туралы нормативтік акт немесе 1978 жылы қабылданған «Заңдарды түсіндіру тәртібі» (“Interpretation Act 1978”) туралы акт кейіннен ешбір өзгеріссіз қалды [6].

Қазақстан Республикасында нормативтік-құқықтық актілердің жиі өзгерістер мен толықтыруларға ұшырауы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әрине, оған өзіндік себептер де бар. Алайда, заң – мемлекеттің айнасы, сол себепті де оның тұрақты болуы маңызды.

Көптеген құқықтанушылар бұл жағдайды тәуелсіз жас мемлекеттің әзірге тұрақтала қоймағанымен түсіндіреді.

Қазақстан Республикасындағы нормативтік актілердің жиі өзгерістер мен толықтыруларға ұшырауын келесі негізгі себептермен түсіндіруге болады.

1. Мемлекетіміздің қазіргі құқықтық жүйесін зерделеу барысында тарихқа жүгінбей, мәселелерді шеше алмаймыз. Қазақстан – тарихи қалыптасу кезеңі ұзақ, тарихы бай мемлекет. Тиісінше құқықтық жүйесін бірнеше кезеңге жіктеп қарастыруға болады.

Алдымен, қазақ хандығы құрылған сәтінен бастап Ресей империясы құрамына кірген кезеңге дейінгі аралықта әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық жүйе қолданылды. Мысалы: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз-Тәукенің Жеті Жарғысы». Бұл нормативтік жинақтардың барлығы құқықтық әдет-ғұрыпқа негізделген.

Кейін қазақтар XVIII ғасырдың бірінші жартысында жартылай, XIX ғасырдың бірінші жартысында толықтай Ресей империясына тәуелді болды. Сәйкесінше, тәуелді елдің құқықтық жүйесі өзі бағынатын мемлекетке сәйкес қалыптасады. XVIII-XIX ғасырлардағы Ресей империясының құқығы роман-германдық жүйеге тән болды. Ресей империясының құқықтық ғылымы византиялық құқықтан, Рим құқығынан, сол кезеңде құрлықтық Еуропада қолданылған роман-германдық жүйеден бастау алады.

Келесі кезең – Ресейдің және оның қол астындағы елдердің роман-германдық құқықтық жүйеден социалистік жүйеге ауысуы. Социалистік жүйеде азаматтардың бірқатар жеке құқықтары (сөз бостандығы, жеке меншікке құқығы, экономикалық және жеке бас еркіндігі т.б.) шектелді.

Төртінші кезең – Қазақстан Республикасының егемендігі алынған сәттен бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралық. Қазіргі таңда, жоғарыда атап өткендей, Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесі роман-германдық құқықтық жанұяға жатады. Азаматтардың құқықтары еліміздің негізгі нормативтік актісімен – Конституциямен баянды етілген.

Біздің ел тәуелсіздік алумен байланысты ауыртпалықтарды еңсере отырып, әлемдік қоғамдастықтың беделді мүшелерінің біріне айнала білді. Дегенмен, қоғамның құқықтық жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылатын **құқықтық сана** бірнеше формацияны өткерген қоғамда жаңа құқықтық жүйеге тән сана аз уақыт ішінде қалыптасып аяқталмайтыны өз кезегінде заңдылық [7].

Ал, Англия – ежелден бері өзінің құқықтық жүйесін қалыптастырған, тәуелсіз мемлекет ретінде дамыған ел екендігін ескерген жөн.

2. Еліміздің түрлі салаларын дамыту жолында қабылданған реформаларды жүзеге асыру үшін заң актілерін жетілдіру қажеттігі туындайды. Ал жетілдіру нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге әкеліп соқтырады. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістер саяси және құқықтық жүйелінің түбегейлі реформаларымен бірге іске асып отыр. Осының өзі Қазақстанның берік құқықтық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Уақыт өткен сайын қазақстандық саяси-құқықтық модель заңдардың орындалуы мен мемлекеттің беделін нығайту мақсатын көздейді.

3. Қазақстан – дамушы мемлекет. Соңдықтан, мемлекет дамыған елдердің тәжірибесінде оң нәтиже тапқан нормативтік жетістіктерді енгізе отырып, құқықтық институттарды жетілдіруді көздейді. Бұнымен қатар, біздің елімізде бұл реформы тиімді жүзеге асуын бақылайды. Егер бұл процесс қалаған нәтиже бермесе, нормалар қайта өзгерістерге ұшырайды.

4. Тағы бір себебі, нормативтік актінің мазмұнының тұрақтылығы тек қазіргі кездегі қоғамдық қатынасты емес, сонымен қатар алдағы уақытта туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу қажеттілігімен байланысты. Әрине, жас мемлекеттің аяққа тік тұруы кезінде болжамдар жасаған дұрыс емес. Бірминуттық қажеттілікпен ұстанбау қиын.

Қорыта келгенде, нормативтік актілер мазмұнды және тиімді болулары тиіс. Олардың мазмұнын дұрыс толтыру, қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуіне жатады ма деген басты мәселені дұрыс шешуді білдіреді. Аталған мәселе оң шешімін тапқаннан кейін құқықтық реттеу пәнін және құқық саласын анықтауға, сонымен қатар нақты қоғамдық қатынастарға құқықтық нысанды беру бойынша міндеттерді шешу әдістеріне көшуге болады. Осыдан кейін заңшығармашылық жұмыс нақтылық сипатқа ие болу керек. Қандай да болмасын нормативтік актінің мазмұны белгілі бір талаптарға жауап беруі керек. Басты талаптардың бірі – тұрақтылық талабы.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – ғасыр» дегендей, алдағы жиырма жылда нормативтік актілердің тұрақтылығын орнату – негізгі мақсаттарымыздың бірі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. с фр. В.А.Туманова – М.: Междунар. отношения, 1996. – 400 с.
2. Ударцев С.В. Феномен английского права // Государство и право. № 3(72)2016. – С.6-9.
- 3.<http://www.grandars.ru>
- 4.Саидов А.Х.. Сравнительное правоведение – Т.: Адолат, 1999. – 400с.
- 5.<https://law.duke.edu/lib/researchguides/english/>
6. <http://www.bailii.org/>
7. <https://egemen.kz/2011/?p=321068>

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Муканова Сауия Акылбековна
saiiya_mukanova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ сәулет-құрылыс факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Д. Мырзатаев

Түйіндеме

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы дамушы елдердің қатарына жататындықтан, жоғарғы білім беру жүйесіне көп назар аударылып отыр. Алайда белгілі бір жетістіктерге жетіп, жақсы көрсеткіштер көрсету үшін, басқа мемлекеттердің жоғарғы білім беру жүйесімен салыстырып, енгізулер мен толықтырулар жасап отыру жөн екенін бәрі де біледі. Автор аталған мақалада өздерінің еңбекқорлығы және білімінің деңгейімен таң қалдыратын Жапония